

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

электроника, в то время как некоторые другие страны сосредоточились исключительно на добыче и экспорте нефти и газа. Таким образом, опыт Японии доказывает, что природные ресурсы не являются ни даром, ни проклятием, а зависят от взгляда и умения их использовать. Если страна может использовать природные ресурсы умно и разумно, то это может стать инструментом для развития экономики и общественного благосостояния.

Список использованных источников

1. Природные ресурсы Японии.https://asiaworlds.ru/japan/priroda_jpn/prirodnue-resursy-yaponii (Проверено 3 марта 2023 г.)
2. «Япония обеспокоена влиянием Китая в Центральной Азии».<https://rus.azattyq.org/a/nurgalieva-vizit-shindzo-abe-astana/27329182.html> (Проверено 3 марта 2023 г.)
3. Природные ресурсы Японии.<https://obrazovaka.ru/geografiya/prirodnue-resursy-yaponii.html> (Дата обращения: 03.03.2023).
4. Commodities | Free Full-Text | The Economic Value of Natural Resources and Its Implications for Pakistan's Economic Growth.<https://www.mdpi.com/2813-2432/1/2/6> (Проверено 21 апреля 2023 г.)
5. Are natural resources a curse, a blessing, or a double-edged sword?<https://www.brookings.edu/blog/future-development/2020/07/16/are-natural-resources-a-curse-a-blessing-or-a-double-edged-sword/> (Дата обращения: 21.04.2023)/
6. The importance of resource security for poverty eradication.<https://www.nature.com/articles/s41893-021-00708-4> (Дата обращения: 21.04.2023).
7. Natural Resources: Curse Or Blessing? – Frederick (Rick) van der Ploeg . University of Oxford P. 28 (Дата обращения: 07.02.2023).
8. Казахстан: полезные ископаемые.<https://wiki.fenix.help/geografiya/kazakhstan-poleznuyue-iskopayemyue> (Дата обращения: 09.03.2023).

УДК 392.54

БУРАКУМИНДЕР АРАСЫНДАҒЫ НЕКЕ ҮЛГІСІ МЕН ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Қалдыбаева Малика

mollielucci@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ шығыстану мамандығының 4 курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – К.М.Ильясова

Біріккен Ұлттар ұйымының 1980 жылғы есебінде Жапония оның шекарасында азшылық топтары жоқ деп мәлімдеді [1]. Анығында, Жапондықтар өздерін этникалық біртекті қоғам ретінде қабылдайды. Үкіметтің Жапонияны біртекті етіп көрсетуге тырысқанына қарамастан, бұл елде корейлер, қытайлар, буракуминдер, айну, Окинава тұрғындары және жақында Бразилия мен Перуден келген иммигранттар сияқты бірнеше азшылық топтары бар екені анық еді. Бұл мақала әдетте буракумин немесе бураку халқы деп аталатын топқа бағытталған. Мемлекеттік статистиканы, сауалнама деректерін және

сұхбаттарды талдау негізінде бураку мен бураку емес адамдары арасындағы некені салыстырады. Атап айтқанда, Жапониядағы азшылық тобына әсер ететін неке үлгілерінің мысалы ретінде бураку мен бураку емес аралас некедегі 37 жұпқа мысал келтіре отыра, неге аралас неке деңгейі халықтың қалған бөлігінен физикалық тұрғыдан ерекшеленбейтін топ үшін салыстырмалы түрде төмен болып қалуын ашып көрсетеді.

Жапондықтардың Буракуминді анықтаудың екі әдісі бар:

- 1) шын аты-жөні;
- 2) мекен-жайы.

Қазіргі буракуминдердің көптеген ұрпақтарына Мэйдзи кезеңіндегі жергілікті шенеуніктер оларды оңай ажырату үшін арнайы фамилиялар, яғни тегін берді. Осы күнге дейін буракумин өз аты-жөнін айтқанда, белгілі бір қаладағы жапондықтардың көпшілігі оларды оңай анықтайды. Сонымен қатар, қалалардың немесе елді мекендердің белгілі бір аудандары немесе бөлімдері Бураку аудандары ретінде белгіленіп қала берген. Буракуминге жатпайтын кейбір адамдар бураку аудандарында тұрса да, олар көбінесе буракумин ретінде қабылданатын. Бұл ретте Хироко және Кеничи Кимураның жағдайын мысалға алатын болсақ: 1984 жылы Хироко мен Кеничи Кимура - екеуі де 22 жаста болған кезде үйленді. Олар алғаш рет Осака маңындағы Бураку ауданының жанында орналасқан Бураку және бураку емес интеграцияланған орта мектебінде кездесті. Кеничи буракумин болмаса да, сол кезеңдегі жағдайына байланысты орта мектепті бітіргеннен кейін көршілес интеграцияланған орта мектепке түседі. Хироко мен Кеничи орта мектептен бастап кездесе бастады. Хироконың әкесі осы аймақтағы бураку азаттық қозғалысының танымал жетекшісі болғандықтан, Кеничи қыздың буракумин екенін өте жақсы білген. Мектепті бітіргеннен кейін Кеничи ақыры Хироконың ата-анасымен бірге қасапханаға жұмыс істеді, ал Хироко кіші колледжге оқуға түсті. Хироко мектепті бітіргеннен кейін, екеуі отбасы құруды ұйғарды. Алайда, дәл сол кезде Хироко Кеничидің ата-анасының бұл некеге қарсы екенін білді. Өйткені, Кеничидің ата-анасы Кеничи мен Хироконың үйленуі Кеничидің сіңлісінің үйлену мүмкіндігіне теріс әсер етеді деп ойлады. Кеничидің әпкесі де Хироко мен Кеничи сияқты буракуминдердің орта мектебінде оқыды және көптеген буракуминдік достары болды, сондықтан да, ол өз ағасының бұл әрекетін қолдаған болатын. Кеничи мен Хироконың үйлену тойына тек Кеничидің анасы мен әпкесі келді. Үйлену тойынан кейін Хироко мен Кеничи Бураку ауданында үйді жалға алды, бұл Кеничидің ата-анасының қалауына қарсы болды, өйткені Кеничи мен Хироконың балалары қоғамда буракумин ретінде қабылданатын еді [2].

Соңғы онжылдықта буракумин мен буракумин емес ерлі-зайыптылар арасындағы неке саны көбейді. Оның ішінде, ал буракумин еркектері буракумин емес әйелдерге көбірек үйленеді. Мысалы: 1985 жылдан 1993 жылға дейін Жапониядағы буракумин жұптарының санын 1990 жылдан 2001 жылға дейінгі көрсеткішпен салыстырсақ, Осакада неке қиюдың көбейгенін көрсетеді. Екі көрсеткіште де "тек әйелі буракумин" жұбынан гөрі "тек күйеуі буракумин" жұптары көп болды. Кинки немесе Кансай - Жапонияның 7 префектурасы, оның ішінде Осака, Киото, Нара және Кобе қалаларын қамтитын аймағында бураку қауымдастығында өмір сүретінін білмейтін немесе оған мән бермейтін шетелдіктер, өздері жиі кемсітетін екінші және үшінші буын корейлері, басқа жерде тұруға мүмкіндігі жоқ кедей жұптардың көп екендігін болжауға болады. Өйткені, олар үшін бураку қауымдастықтарында

Аралас неке санының өсуіне қарамастан, бұл некеге деген қарсылық күшті болып қала береді. Буракуминдердің арасында аралас некеге қарсы тұрудың екі түрі: нақты және

орнату түрлері бар. Нақты қарсылық бураку тұрғындарынан некеде кемсітушілікке тап болған-болмағанын сұрау арқылы өлшенді. Некедегі кемсітушілік буракумин болып табылмайтын ата-аналардың қарсылығы, буракумин болып табылмайтын кеңейтілген отбасы мүшелерінің қарсылығы, буракумин емес отбасы мүшелерінің шарттары (мысалы, бураку ауданынан көшу немесе балалардың болмауы), тіпті, буракуминге үйленетін ұлы мен қызының мұрагерліктен бас тартуы түрінде болуы мүмкін. Екінші жағынан, оппозицияға деген көзқарас жапондық буракумин мен буракумин емес азаматтардан *“некеге тұрған кезде олардың этникалық тегіне байланысты оппозицияға тап болады деп сенетіндігін сұрау”* арқылы өлшенді. Осакада, бір қызығы, буракумин емес жұбайлары буракумин жұбайларына қарағанда көбірек кемсітушілікке ұшырайды. Бұл олардың буракуминдермен тікелей байланысы бар екендігі мен буракуминдер туралы жақсы білетіндігінен болуы мүмкін. Жалпы, Осакадағы буракуминдердің 49% - ы үйленгенге дейін жұбайларына өздерінің жеке басын ашады. Ал Осакадағы күшті азаттық қозғалыстар арқасында буракуминдер өздерінің тегін жасырудың орнына өзінің жеке басын ашуға деген үлкен белсенділік ала бастады.

Дискриминация жойылады деген үмітпен үнсіздік философиясы өз құқықтарын қорғауға деген шешіммен ауыстырылды, сонымен қатар буракумин қозғалысының арқасында кемсітушілік сейілі басылып, аралас некелер саны артты. Жапониядағы буракумин мен буракумин емес жұптарға қарсы оппозиция кем дегенде қатынас тұрғысынан 1985 жылы 64,3% - дан 1993 жылы 56% - ға дейін төмендеді. Оның үстіне, елдегі егде жастағы адамдар мен білімі төмен адамдармен отау құруға қарағанда буракуминмен аралас неке құру тиімдірек екенін көрсетеді. Аралас неке санының артуына қарамастан, буракуминдердің едәуір бөлігі бураку емес жапон әйеліне үйлену мүмкіндігіне ие болмайтындай қатты қарсылыққа тап болады. Мемлекеттік статистика бойынша буракуминге тұрмысқа шыққан қарапайым әйел жағдайы ол күйеуінің тегін алып, буракумин саналғандықтан, едәуір қиын болды [3].

Аралас некенің көптеген түсіндірмелері әртүрлі топтардағы адамдар арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастың әртүрлі деңгейлері мен аспектілеріне қолданылады. Кальмейн (1998) нәсілдік / этникалық аралас неке, діни аралас неке немесе касталық / таптық аралас неке болсын, аралас некені зерттеудің ең толық теориялық негізін ұсынады. "Неке модельдері үш әлеуметтік күштің өзара әрекеттесуінен туындайды": (1) некеге үміткерлердің қалауы, (2) үшінші тараптардың әсері және (3) неке нарығының шектеулері (398). Бұл теориялық негіз түсіндірме күшінің негізгі деңгейлерін біріктіреді: жеке деңгейдегі артықшылықтар, топтық деңгейдегі үшінші тараптың әсері және макродеңгейдегі неке нарығының шектеулері. Сол секілді аралас некедегі буракуминдердің мәселесін: (1) буракумин мен буракумин емес жұптар табыс немесе білім алмасады ма, (2) үшінші тараптар (кеңейтілген отбасы мүшелері) топтық санкциялар арқылы неке қию көрсеткіштеріне қалай әсер етеді және (3) буракумин мен буракумин емес жұптардың көпшілігі кездесетін жерде (мектептер, аудандар немесе жұмысшылар орындар) құрылымдық факторлардың олардың некеге тұру перспективаларына қалай әсер ететінін көру ретінде зерттей аламыз [4].

Айырбастау теориясы, әдетте, некеге тұруға үміткерлердің қалауын зерттеу үшін қолданылды, әсіресе бұл артықшылықтар адамның басқа топтағы адаммен некеге тұру кезінде гомогамдық нормаға неге қарсы тұратынын түсіндіргенде қажет болады. Гомогамия-әлеуметтанудағы белгілі бір әлеуметтік топ ішінде некеге тұру әдет-ғұрпын немесе тенденциясын білдіретін термин. Классикалық түсініктеме Дэвис (1941) мен

Мертонның (1941) қара ерлер мен ақ әйелдер арасындағы нәсілдік некені түсіндіруге тырысуына негізделген. Олар ақ-қара некелердің көпшілігі қара ерлер мен ақ әйелдер арасында болғанын байқады және қара ерлер әлеуметтік - экономикалық мәртебесі жоғары болса, ал ақ әйелдердің "нәсілдік" мәртебесі жоғары деп болжады. Айырбастау теориясы тым жеңілдетілгенімен, бүгінде ол жалпы шындыққа сәйкес келеді. Мысалы, Дэвис пен Мертонның гипотезасына сәйкес, біз көптеген некеде буракумин еркектерін буракумин емес әйелдерге үйленеді деп күтуімізге болады, яғни буракумин еркектері буракумин емес әйелдерге үйленуі арқылы қоғамда керісінше, бедел алуы да мүмкін. Әрі білімді буракумин еркектеріне тұрмысқа шыққан жапондық әйелдерге де жұмыссыз, білімсіз қарапайым адамға тұрмысқа шыққанға қарағанда тиімдірек болып табылады. Айырбас теориясы негізінен - білім, тартымдылық, достық және тіпті махаббат сияқты әртүрлі факторлар арасындағы алмасуды түсіндіре алады.

Үшінші тараптардың топтық қарсылықтары аралас некені шектеудің күшті әдісі болып табылады. Мұндай санкциялар көбінесе отбасы мүшелерінің немесе туыстарының қарсылығы түрінде көрінеді. Зерттеушілер бірнеше түрлі деңгейлерден үшінші тарап оппозициясын зерттей алады. Қара және ақ аралас неке туралы зерттеулерде достардың, отбасылардың және әріптестердің реакциялары топтық деңгейде қарқындылық тұрғысынан оппозицияның әртүрлі дәрежелеріне сәйкес келеді. АҚШ-тағы үшінші тарап оппозициясы дәстүрлі түрде шіркеуден, мемлекеттен немесе отбасынан келеді. Алайда, Жапонияда шіркеу аралас некені мәселе ретінде қарастырмайды, өйткені жапондықтардың көпшілігі шіркеу жиналыстарына үнемі қатыспайды және буддизмнің кейбір секталары бұрын буракуминдерді кемсіткеніне қарамастан олар діндар буддистер болып саналмайды. Сонымен қатар, ұлтаралық некеге (немесе Жапонияда аралас некеге) рұқсат беретін заңдар мүлдем жоқ. Осылайша, қазіргі уақытта Жапонияда некеге қарсы санкциялардың көпшілігі тікелей отбасынан шығады. Жапондық отбасылар буракуминдердің арғы тегіне байланысты әлеуметтік-экономикалық мәртебені жоғалтудан қорқады [5].

Соңғысы - неке нарығындағы шектеулер көбінесе макродеңгейде қарастырылады. Әлеуметтік алмасу теориясы қандай топтардың микро деңгейде неке алмасудан пайда көретінін көрсетсе де, неке нарығындағы шектеулер буракуминдердің неге бұрынғыға қарағанда жиі үйленетінін түсіндіруге көмектеседі. Соңғы бірнеше онжылдықта айырбас теориясына аз көңіл бөлініп, оның орнына құрылымдық және мәдени факторларға көше бастады. Қоғамда аралас некедегі адамдардың материалдық жағдайының тең болмауы мен екеуінің біреуінің білімге ие болмауы неке нарығын шектеу ретінде әрекет ететін құрылымдық фактор ретінде кеңінен талқыланды. Мысалы ең алғашқы Хироко мен Кеничи жұптары екеуі де бір бураку ауылында, тіпті, бір мектепте білім алған болатын. Сәйкесінше, олардың әлеуметтік жағдайы да тең болды, өйткені ауқатты отбасылар бураку аймақтарында қоныстанбайтын.

Буракуминдер мен буракумин емес жапондықтар арасындағы білім мен табыс деңгейіндегі алшақтық соңғы бірнеше онжылдықта баяу қысқарды, дегенмен буракуминдер мен ұлттық орташа көрсеткіш арасында білім (әсіресе университет деңгейінде) мен кірістерде әлі де алшақтық бар. Білім мен кірістерге шектеулердің аз болуы көбінесе басқа топтардың мүшелерімен танысу мүмкіндіктерінің кеңеюіне әкеледі. Жергілікті неке нарықтары көбінесе мектептер, жұмыс орындары және тұратын аудандар тұрғысынан қарастырылады. Зерттеулер көрсеткендей, адамдардың көпшілігі ұқсас білімі бар адаммен некеге тұрады. Осылайша, білім алу мүмкіндіктері адамдарды қызығушылықтары мен жұмыс тәжірибесі ұқсас адамдармен кездесуге мүмкіндігі бар университеттерге апарды.

Сонымен қатар, жоғары білім деңгейі жақсы жұмысқа әкеледі, бұл өз кезегінде әртүрлі жағдайларда әртүрлі адамдармен танысуға көбірек мүмкіндіктер ашады. Ақырында, интеграцияланған аудандар әртүрлі этникалық және нәсілдік топтардағы адамдарға бір-бірімен тығыз байланыста болуға мүмкіндік береді. Осы мүмкіндіктердің барлығы - колледждер, жұмыс орындары және тұрғын аудандар - теориялық тұрғыдан көпшілік топ пен этникалық және нәсілдік азшылықтар арасындағы шатасудың жоғары деңгейіне әкелуі мүмкін.

Жапонияда жиі тыйым ретінде қабылданатын тақырыпты зерттеудің күрделілігіне, сондай-ақ буракуминдердің шектеулі зерттеулеріне байланысты, әдістердің триангуляциясы қазіргі уақытта Жапонияда буракуминнің аралас некесін мұқият зерттеудің ең жақсы әдісі ретінде қарастырылады, сондықтан біз жалпыұлттық және қалалық некелерді зерттеуге ала аламыз.

Осака қаласына бағытталған ұлттық шолу буракуминнің барлық 4603 белгіленген аймағын, 60 000-ға жуық буракумин үйлерін және 24 000 буракумин емес жпондықтардың қоныстарының болуымен таң қалдырады. "Бұл буракуминдерге жүргізілген жағдайлар мен қатынастар туралы ең күрделі зерттеу" болып табылды. Үкімет қаржыландырған қалалық сауалнама Осакадағы 5000-нан астам буракуминдерге сауалнама жүргізді. Бұл сауалнамаларды әдетте жапондық зерттеушілер келтіреді және бүгінгі күнге дейін буракуминдер туралы ең жақсы және ең соңғы деректер болып табылады. Сандық деректердің мақсаты - буракуминнің аралас некесінің қазіргі модельдерін егжей-тегжейлі көрсету. 1998 жылы Осакада орналасқан Буракудың екі ауданында (біреуі қалалық, екіншісі қала маңындағы) сауалнамаға қатысқан 37 жұптың жағдайлық зерттеуі де аралас неке тақырыбындағы құнды деректер ретінде саналады. Әрбір жұп буракумин емес жапондықпен некеде тұрған буракумин адамынан тұрады. Сауалнамалар бураку азаттық қозғалысының жетекшілеріне таратылды, содан кейін олар аралас некедегі ерлі-зайыптыларға өздерінің бураку аудандарында сауалнамалар таратты. Деректерді жинаудың бұл әдісі, әрине, біржақты емес, өйткені ол тек бураку аудандарында тұратын және буракудың азаттық қозғалысымен белгілі бір дәрежеде байланысты буракумин топтарынан сұхбат алады. Алайда, бұл әдіс бураку аудандарындағы буракуминдерге жақындаудың жалғыз ақылға қонымды әдісі болып табылады. Бураку аудандарынан тыс бураку адамдарымен байланысу мүмкін емес, өйткені олар көбінесе өздерінің ата-тегін жасырмақ болады. Шектеулерге қарамастан, бұл үлгі зерттеушілерге қол жетімді ең жақсы сауалнама болуы мүмкін. Сауалнамалар демографиялық сұрақтар қойылған 74 адамға (37 жұпқа), олардың некелері туралы егжей-тегжейлі сұрақтарға (мысалы, Олар қалай кездесті және ата-аналары некеге қалай жауап берді), сондай-ақ олардың қазіргі жағдайы туралы сұрақтарға жауап берді. Бастапқы 74 адамның 19-ы терең мұндай сұхбаттарға келісті, онда олардың некелері туралы одан да егжей-тегжейлі ақпарат құжатталған. Әрбір сұхбат мазмұнды талдауға мүмкіндік беретін сапалы бағдарламалық құралын пайдаланып жапон тілінде транскрипцияланды және кодталды. Бұл бағдарлама сұхбат жолын кодтауды қажет етеді, бірақ жыныс немесе білім сияқты сипаттамаларға негізделген кодтарды жылдам шығаруға мүмкіндік береді. Бағдарламалардағы негізгі зерттелінетін сұрақтар: неліктен неке деңгейі салыстырмалы түрде төмен болып қалады? Буракуминдер қатаң әлеуметтік нормалар мен некеден тыс некеге қатысты кемсітушілікке қарамастан қалай үйлене алады? Мұндағы мақсат: Калмейннің "аралас некеге әсер ететін үш әлеуметтік күшін" пайдалану, жоғарыда аталған мәселелерді көрсету және Жапониядағы буракудың аралас некелері туралы түсінік алу. Өйткені буракумин топтарының жай некеден тыс некесін этникалық

аралас некенің бір түрі ретінде қарастыруға болады және олар касталар мен сыныптар арасындағы аралас неке, Америка Құрама Штаттарынан тыс контексте аралас неке теорияларын қамту үшін жақсы зерттеу болып табылады.

Жапонияда 1873 жылы Мэйдзи кезеңінде мемлекеттік кеңестің 103-ші Жарлығына сәйкес аралас некеге тұруға рұқсат етілді. Жарлыққа сәйкес, мұндай некеге Үкіметтің рұқсаты қажет болды. Шетелдікке тұрмысқа шыққысы келген жапондықтар "жапондық мәртебесін", яғни белгілі бір жапон отбасына, үйіне жатуын жоғалту қаупін тудырды. Сонымен бірге, басқа елдерден келгендер "жапондық мәртебеге" ие бола алды. Жарлық сонымен қатар Жапон әйелдеріне Жапонияда қызмет ету мерзімі аяқталған шетелдік күйеулерінің артынан шетелге кетуге құқық берді. Жарлықтың арқасында Жапонияда 1897 жылға қарай 265 неке қиылды. Олардың 230-ын ғалым Кояма Нобору өз зерттеуінде сипаттаған.

Мэйдзи кезеңінен бастап Жапониядағы аралас некелердің көпшілігі жапондар мен шетелдіктер арасында жасалды. Сонымен қатар, шетелдік күйеулер көбінесе Англиядан, Қытайдан, Германиядан және Америкадан келген, ал олардың жапондық әйелдері олардың қызметінде болған. Шетелдік әйелдер арасында Германия, Америка және Англия азаматтары жиі кездесті.

Соғыстан кейінгі кезеңде, әсіресе жапондар мен американдықтар арасында аралас некелер көбейе бастады. Бұл, біріншіден, Жапонияның ерлер саны айтарлықтай азайғандықтан болды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде екі миллионға жуық жапон сарбазы қаза тапты. Көптеген ер адамдар жарақат алып оралды және физикалық және моральдық жағынан отбасын құруға дайын болмады. Екіншіден, американдық өмір салты барған сайын танымал бола бастады және жапондықтар арасында соғыстан кейінгі Жапонияда жетіспейтін тұрақтылықпен байланысты болды.

Жапонияда аралас неке саны 1980-1990 жылдары тез өсе бастады және 2006 жылы 40 000-нан астам неке қиылған кезде ең жоғары санға жетті. Алайда, соңғы жылдары некеге тұру біртіндеп азайып келеді: бұған жапон визасын алу процесін қиындатқан 2005 жылғы иммиграциялық акт себеп болды. 2011 жылы 25000 неке қиылды, ал 2013 жылы шамамен 20000 неке қиылды. Егер соғыстан кейінгі уақытта аралас отбасылар арасында ерлі – зайыптылар басым болса, онда күйеуі шетелдік, ал әйелі жапон болса, ХХІ ғасырдың басында жағдай керісінше өзгерді: Жапонияда шетелдік әйелдер көбейіп келеді (2011 жылы олар 19.000 – нан асады). Бүгінгі таңда жапондықтармен некеге тұрған әйелдердің көпшілігі Қытайдан (8, 104 жұп), Филиппиннен (4, 290 жұп), Оңтүстік және Солтүстік Кореядан (3, 098 жұп) келеді. 1980 жылдардың аяғынан бастап жапондықтар мен Кеңес Одағынан келгендер арасындағы неке көбейе бастады, 1995 жылы 198 неке, ал 2011 жылы шамамен 5000.

Аралас неке құрғандар мен буракуминдердің отбасы тенденциясын салыстыратын болсақ, жапондықтар үшін әлеуметтік статустың маңызды екені көрінеді. Екі тенденция да Мэйдзи кезеңінен бастап Екінші Дүниежүзілік соғысқа дейінгі аралықта қоғамдағы үлкен наразылыққа ұшырады. Алайда, соңғы мәліметтерге сүйене отыра, аралас некенің буракуминдермен отбасын құру қалауына қарағанда жағымды әсерінің көптігі байқалады. Тіпті, соңғы жылдары Жапония тарапынан Жапон азаматымен (немесе азаматшасымен) заңды некеге тұру негізінде 3 жылға арнайы виза беріледі. Бұл тек буракумин топтарымен некеге тұрудың қысқаруын ғана емес жапондықтардың өзара отбасын құру дәстүрінің орындалуын шектейді [6].


Буракуминдердің неке тақырыбын зерттеуде Осакадағы буракумин топтарының тұрақтары мен неке тенденцияларына деген сұхбаттарды мысалға ала аламыз. Мұндай сұхбаттар мен буракуминдердің өздері арқылы айтылған ерекше деректер негізінде біз буракумин кемсітушілігіндегі тағы да бір өзекті мәселені байқаймыз. Бұл қарапайым адамдардың буракуминдермен отау құруы арқылы әлеуметтік мәртебесін жоғалтып алуына байланысты мәселе. Буракумин тобынан шыққан қыз балалар күйеуінің тегін алу арқылы қоғамдағы өзіне деген әділетсіздіктен арыла алуы, керісінше, буракуминге тұрмысқа шыққан қыздың мәртебесінің төмендеп бураку елді-мекендерінде қоныстанып, таза тегіне қарамастан қоғамнан жәбір көруі алдыңғы сөйлемді нақтырақ түсіндіреді. Олар, тіпті, өз ата-анасының үлкен қарсылығына ұшырайды. Чарли Морган өзінің 2007 жылы жарық көрген “Жапониядағы буракумин және буракумин емес жұптарының жағдайлық зерттелінуі” еңбегі көмегімен бұл мәселені бастан аяқ талдай алдым.

Қорытындылай келгенде, қазіргі жапон қоғамындағы буракуминдерге жасалған әделетсіз кемсітушіліктерді талдау болғандықтан, Жапониядағы буракуминдердің шығу тегі мен буракуминдер арасындағы неке мәселесіне назар аударылды. Қазақстанда буракуминдер тақырыбы кеңінен зерттелінбеген, соған қарамастан, бұл зерттеу жобасы арқылы өзгелерге жапондық “тыйым салынған” топтарының қоғамда кемсітушілікке ұшырауы үлкен мәселе екенін анықтап көрсетуге талпыныс жасалды.


Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ханин З. Я., «Социальные группы японских париев: (Очерк истории до XVII в.)», М., 1973 г.
2. Nobuo Shimahara / Burakumin: A Japanese Minority and Education. - Martinus Nijhoff, 1971, 102p.
3. Тэраки Н., Ногутти М., «Бураку мондай э но сё: тай», Осака, «Кайхо: сюпанся», 2006.
4. Charlie V. Morgan / A Case Study of Buraku and Non-Buraku Couples in Japan. - University of Toronto Press, 2007, 31-54pp.
5. Koyama Noboru / *The first international marriage: The beginnings of mixed marriages of Meiji people*, Токио, Kodansha, 1995, 282 стр.
6. Kim V. / Female Gender Construction and the Idea of Marriage Migration: Women from Former Soviet Union Countries Married to Japanese Men.. — Japan: Afrasian Research Centre, 2013. — С. 4.

Қосымшалар:



1) Буракумин және буракумин емес жапон топтарының арасындағы неке тенденциялары көрсеткіші



2) 1993-2001 жылдар аралығындағы салыстырмалы пайыздар кестесі

	Buraku Income		Buraku Education	
	Higher	Lower	More	Less
Buraku Male/ Non-Buraku Female	17	0	5	8
Buraku Female/ Non-Buraku Male	1	6	9	1

3) Буракумин ер адам мен буракумин емес әйел адамдар/ буракумин әйел адам мен буракумин емес ер адамдардың көрсеткіші

УДК 7.011.26

САКОКУ ДӘУІРІНДЕГІ ЖАПОНИЯНЫҢ МӘДЕНИ ДАМУЫ

Құдайбергенова Дильназ Арғынбайқызы

dilnaz15102003@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті шығыстану мамандығының

2 курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – А.А.Тлеубаева